



Ақмешіт

11 сәуір
сенбі

№26 (2238)


2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ШЕТ АЙМАҚ ЖОЛДАРЫ ЖӨНДЕЛУДЕ



Қала тұрғындары үшін маңызды инфрақұрылымның бірі – сапалы жол. Таңнан басталған рейд барысында жұмыс қарқынының бір сәтке де бәсеңдемегені байқалды. Арнайы техникалар тынымсыз жұмыс істеп, жол жөндеуші мамандар да өз міндеттерін атқаруда.


Қала әкімі Нұржан Ахатов әрбір нысанды аралап, атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысты. Ол жол төсеуші мамандарға сапа мен мерзімді қатаң сақтауды тапсырды. Сонымен қатар құрылыс барысында кемшіліктерге жол бермеуді, әсіресе асфальт сапасы мен төсеу технологиясының талапқа сай болуын ерекше бақылауға алуды міндеттеді.

Облыста жалпы 3545 км автомобиль жолы бар. Оның ішінде 1024,5 км – республикалық, 555 км – облыстық, 1965,5 км – аудандық деңгейдегі жолдар. Жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 2024 жылы 92,5% болса, 2025 жылы 95%-ға жетті.

Өткен жылы аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жол инфрақұрылымын дамытуға қомақты қаржы бөлінгенін, нәтижесінде 329 км жол, көшелер мен көпірлер жөндегенін атап өткен еді. Сондай-ақ Қызылорда қаласында 270 көше жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жеткен.

2-БЕТТЕ

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



Нұрхат ЖАКИЕВ, Гарвард университеті Дэвис орталығының зерттеушісі, PhD, Astana IT University Интеллектуалды жүйелер мектебінің профессоры:

ҒЫЛЫМ ЗЕРТХАНА ДЕҢГЕЙІНДЕ ҚАЛМАУ КЕРЕК

12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күні. Бұл – ел дамуының зияткерлік іргесін бекемдеп, ұлттық өркендеудің жана белестерін айқындайтын ғылым саласы өкілдеріне, зертхана мен аудиторияда еңбек етіп жүрген ғалымдардың кәсіби күні ғана емес, сонымен қатар білім мен ізденістің, жанашыл ой мен ғылыми бастаманың қоғам өміріндегі орны мен маңызын айшықтайтын ерекше күн. Ғылым – мемлекеттің қуаты мен бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, өркеніет көшіндегі орнын айқындайтын негізгі құндылықтардың бірі. Бүгінде ғылым адамзат дамуының барлық саласына серпін беретін стратегиялық күшке айналды. Әсіресе цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, интеллектуалды жүйелер секілді бағыттар заманауи әлемнің келбетін жаңаша қалыптастырып отыр.

Мұндай кезеңде ғылымға, іргелі білім мен озық тәжірибені тоғыстыра білген ғалымдардың еңбегі қашанда зор құрметке лайық. Осы орайда, ғылым мен жоғары білім кеңістігінде өзіндік қолтаңбасы бар, халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтарында табысты еңбек етіп жүрген отандастарымыздың жетістігі – ел мерейін үстем етер маңызды көрсеткіш. Осы орайда Гарвард университеті Дэвис орталығының зерттеушісі, Astana IT University, Интеллектуалды жүйелер мектебінің профессоры, PhD Нұрхат Жакиевпен сұхбаттаудың сәті түсті.

– Отандық ғылымның жетістігі мен негізгі бағыты ретінде нені атар едіңіз?

– Қазақстандық ғылымның негізгі бағыты – панаралық, қолданбалы және халықаралық зерттеулерге атсалысу. Қазір ғылым тек теориялық ізденіспен шектелмей, тек зертхана деңгейінде қалмай, халықаралық деңгейге шығып, қолданбалы салаға, өндіріске ұласуы қажет. Ғылыми зерттеу аясында Harvard University, MIT сияқты әлемдік алпауыттармен әріптестік орнатып, тағылымдамадан өтудемін. Энергия жүйелерін модельдеу, жанарғылатын энергия көздерін интеграциялау, климаттық тәуекелдерді азайту сияқты бағыттар Қазақстан үшін де, әлем үшін де стратегиялық маңызға ие. Халықаралық серіктестік аясында іргелі зерттеулерді дамыту – уақыт талабы.

4-БЕТТЕ

12 СӘУІР – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АВИАЦИЯ ЖӘНЕ ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

1961 жылдың 12 сәуірі адамзаттың ғарышқа қадам басыумен тарихта қалды. Дәл осы күні Юрий Гагарин Байқоңыр ғарыш айлағынан алғаш болып ғарышқа сапар шегіп, Жер орбитасын толық айналып шығу арқылы ғарыш ғасырының негізін қалады. Бүгінде еліміз үшін бұл күн тек мереке емес, сонымен бірге ұлттық стратегиялық мүдделер мен технологиялық тәуелсіздіктің таразыға түсетін сәті.

Бұл тарихи датаның маңызы халықаралық деңгейде де айрықша бағаланған. 1968 жылы Халықаралық авиация федерациясының (МАЭК) конференциясында 12 сәуір ресми түрде «Ғарышкерлер күні» болып бекітілсе, 2011 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы бұл күнді «Адамның ғарышқа ұшуының халықаралық күні» деп жариялады. Қазақстан үшін бұл мерекенің орны бөлек, өйткені ғарыш дәуірінің бастауы болған, аңызға айналған Байқоңыр ғарыш айлағы – әлемдегі ең алғашқы және ең үлкен ғарыш кешені.

Қазақстанда Ғарышкерлер күні туралы сөз қозғалғанда, әңгіме міндетті түрде Байқоңырдан бастау алады. Бұл жай ғана географиялық нүкте емес, адамзаттың шексіздікке жасаған алғашқы қадамының куәгері.

Ұзақ уақыт бойы Қазақстан ғарыш әлеміне тек «географиялық қақпа» ұсынушы ел ретінде танылып келді. Ендігі стратегиялық басымдық – сол географиялық артықшылықты нақты индустриялық және технологиялық басымдыққа айналдыру. Бұл процесс тек жаңа зымырандарды ұшырумен ғана шектелмей, отандық спутниктік топтамаларды жасақтау, деректерді өңдеу мен ғарыштық мониторинг жүйесін дамытуды қамтиды.

4-БЕТТЕ

ҒАРЫШ ҚАҚПАСЫ ЖӘНЕ АДАМЗАТТЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ГҮЛГЕ ОРАНҒАН ҚАЛА

Дәл осы күндері қала көшелерінде келе жатып, айналаға көз салсаңыз, шаһардың гүлдене түскенін байқайсыз. Көгалдандыру жұмыстарының басталуы ауаны тазартып, қаланы өмір сүруге жайлы етеді. Облыс орталығында жылдан-жылға гүлзарлардың аумағы кеңейтіліп, гүл егу қарқын алды. Бұл бағыттағы негізгі жұмыстарды «ҚазСтройКапитал ЛТД Қызылорда» ЖШС мекемесі атқаруда. Қаланы көгалдандыру жұмысына дайындық қыс мезгілінен басталады. Қазіргі таңда мекемеде 250-ден астам қызметкер еңбек етсе, 50-ге жуық заманауи техника жұмылдырылған. Соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар мен автоматты суару жүйесінің іске қосылуы – жұмыстардың сапалы әрі уақытылы орындалуына мүмкіндік беруде.

Мекеме басшысының өндіріс жөніндегі орынбасары Алтай Мұхановтың айтуынша, биылғы көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүруде.

– Жыл басынан жұмысқа кірістік. Ең алдымен сол жағалаудағы «Жастар орталығы» маңына автоматты суару жүйесін жүргіздік. Сұлтан Бейбарыс көшесінде ағаш отырғызу басталды. Қазір бұл жұмыстар қаланың барлық аумағында жалғасып жатыр. Биыл 8950 тал егу жоспарланса, соның 3 мыңға жуығы отырғызылып үлгерді. Абылай хан даңғылына 2000, Қорқыт ата көшесіне 1000 түп ағаш егілді. Сонымен қатар газон төсеу жұмыстары қолға алынды. Осы айдан бастап гүл егу де басталды. Қазіргі таңда газон төсеу жұмыстары Рәміздер алаңы, Тағзым алаңы және Назарбаев даңғылы бойында жүргізілуде. Қаланың климаттық ерекшеліктері ескеріліп, ауа райына төзімді гүл түрлері таңдалды, – дейді ол.

2-БЕТТЕ



Қала әкімі Нұржан Ахатов және қалалық мәслихат төрағасы, партия филиалының жетекшісі Ибадулла Құттықожаев АМАНАТ партиясының қоғамдық қабылдау кестесіне сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.



ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қабылдауға алдын ала 40-қа жуық азамат тіркелген. Келушілер негізінен тұрғын үй жеткізу және жұмыспен қамту мәселелерін көтерді.

Қала басшысы әрбір тұрғынның өтінішіне мұқият назар аударып, заң аясында түсіндірді. Қабылдау барысында айтылған мәселелердің басым бөлігі кезең-кезеңімен шешімін тауып келе жатқаны атап өтілді. Сонымен қатар тұрғындар айтқан әрбір мәселе бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырма жүктеліп, бірқатар жұмыстың орындалу мерзімі белгіленді.

Айта кету керек, тұрғындар қала әкімінің қабылдауына eGov порталы арқылы, сондай-ақ e-Otinish базасы не-месе әкімдікке барып жазбаша өтініш қалдыру арқылы жаза алады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Бүгінгі жас буын – ертеңгі ел тағдырын айқындайтын негізгі күш.

Олардың білімі, көзқарасы, тәрбиесі – мемлекет дамуының басты кепілі. Жастардың дұрыс бағыт алуына үлкендер тарапынан қолдау мен сенім қажет. Аға буынның ақилы мен жастардың талабы ұштасқан кезде қоғамда ілгерілеу болатыны сөзсіз. Қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Медеу Жорабек қала әкімдігінің баспасөз орталығында «Көшбасшылар мектебі» жобасымен таныстырды.



КӨШБАСШЫЛАР МЕКТЕБІНЕ ҚОСЫЛ!

Жастардың көшбасшылық қабілетін дамытуға, азаматтық белсенділігін арттыруға, шешендік, коммуникациялық, құқықтық және қаржылық сауаттылығын жетілдіретін жоба үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең 10-17 сәуір аралығында қатысушылар тіркеліп, іріктеледі. Екінші кезеңі 20 сәуір мен 20 маусым аралығында 3 ай мерзімде 48 сағаттан оқу және тренинг сабақтары өтеді. Шешуші кезең маусым айына жоспарланып, қорытындылау және сертификат табысалады.

«Көшбасшылар мектебінің» мақсаты – белсенді, білімді, бастамашыл және қоғамға бей-жай қарамайтын жас буынды қалыптастыру. Бұл жоба – жастардың бойындағы қабілетті анықтап қана қоймай, сол әлеуетті жүйелі түрде дамытуға арналған нақты алаң болмақ.

Жобаға Қызылорда қаласындағы мектептердің 9-10 сынып оқушылары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері, жоғары оқу орындарының 1-3 курс студенттері қатыса алады. Ескерте кетейік, бітіруші түлектер жобаға қатыспайды. Жобаға қатысу үшін үміткерлер арнайы өтінім формасын толтырып, «Жобаға не үшін қатысқым келеді?» тақырыбында эссе жазуы қажет. «Мен көшбасшы боламын» тақырыбында қысқа селфи-видео жолдау жіберу де талап етіледі.

Іріктеу талаптары жастардың жобаға деген шынайы қызығушылығын, ойлау

қабілетін және өзін таныта алу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

– Жоба аясында қатысушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, тәжірибелік дағдыларын шыңдап, түрлі тренингтер мен шеберлік сабақтары арқылы өздерін жана қырынан дамытуға мүмкіндік алады. Бүгінгі күні жастар арасында жаңа идея ұсынатын, қоғамдық бастамаларға белсенді араласатын, жауапкершілікті сезінетін, топпен жұмыс істей алатын және болашаққа сенімді қадам жасайтын тұлғаларға сұраныс артып келеді. Сондықтан аталған жоба – уақыт талабынан туындаған маңызды бастама деп сеніммен айтуға болады, – дейлі Медеу Жорабек

Жобаны сәтті аяқтаған, барлық кезеңдерге белсенді қатысқан және берілген тапсырманы толық орындаған қатысушыларға арнайы сертификаттар табысалады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жоба тек білім беру емес, жастардың бойында жауапкершілік, бастамашылық, шешендік, ұйымдастырушылық қабілет пен азаматтық ұстаным қалыптастыру.

«Көшбасшылар мектебі» – жастардың бойындағы әлеуетті оятуға, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға, жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама.

Думан РАХЫМЖАНҰЛЫ

АНТЫНА АДАЛ ДӘРІГЕР

Медицина саласы – үлкен жауапкершілік пен шексіз мейірімді талап ететін қасиетті мамандық. Саналы ғұмырын адам денсаулығын сақтауға арнаған жандардың бірі – көпбейінді облыстық аурухананың тәжірибелі аға мейіргері Рауа Қаниқызы.

Рауа Қаниқызы 1969 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1987 жылы орта мектепті тәмамдап, сол жылы Ресей Федерациясының Свердловск қаласындағы облыстық медициналық училищесіне оқуға түсіп, 1989 жылы «Медициналық сестра» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Еңбек жолын 1990 жылы Жалағаш ауданындағы балалар консультациясында аймақтық мейіргер болып бастап, кейін түрлі медициналық мекемелерде тәжірибе жинақтады. 1999 жылы Қызылорда қаласындағы «Сенім» емханасында, 2001 жылдан қалалық сабилер үйінде егу бөлмесінің мейіргері ретінде еңбек етті. 2005 жылдан бастап облыстық медицина орталығында жұмысын жалғастырып, ақилы хирургия бөлімшесінде мейіргер болды. Іскерлігі мен жауапкершілігінің арқасында 2011 жылы жалпы терапия бөлімінің аға мейіргері болып тағайындалды. Кейін кардиореабилитация, реанимация-анестезиология, ақилы хирургия және басқа да бөлімшелерде аға мейіргер ретінде қызмет етіп, мол тәжірибе жинақтады.

2018 жылдан бері ШЖК КМК «Көпбейінді облыстық ауруханасында» ақилы бөлімнің аға мейіргері қызметін абыроймен жалғастырып келеді. Көп жылдық тәжірибесі мен кәсіби шеберлігінің арқасында әріптестері арасында үлкен құрметке ие.

Рауа Қаниқызы білімін үнемі жетілдіріп отыратын маман. 2019-2021 жылдары Қызылорда жоратын маман. 2019-2021 жылдары Қызылорда жоратын маман. 2019-2021 жылдары Қызылорда жоратын маман. 2019-2021 жылдары Қызылорда жоратын маман.

Еңбек жолында жоғары жетістіктерге жеткен маман бірнеше мәрте марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, облыстық денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамоталарымен, «Үздік аға мейіргер» номинациясымен, аурухананың дамуына қосқан үлесі үшін төсбелгімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталған.

32 жылдан астам еңбек өтілі бар тәжірибелі маман – тек кәсіби біліктілігімен ғана емес, адамгершілік қасиетімен де ерекшеленеді. Ол – үш баланың анасы, немерелерінің сүйікті әжесі.

Рауа Қаниқызы – өз ісіне адал, ұжымда сыйлы, жас мамандарға үлгі болатын тұлға. Оның медицина саласына қосқан еңбегі әрдайым жоғары бағаланып келеді.

Ғайяр ҚОЖАХМЕТОВА



ШЕТ АЙМАҚ ЖОЛДАРЫ ЖӨНДЕЛУДЕ

Биылғы басты жоспар – қаланың шет аймақтарындағы елді мекендердің жолдарын жөндеу. Осыған орай қала әкімі Нұржан Ахатов Жаңақұрылыс-9 көшесіндегі күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. 15 жылдан бері осы аумақта тұратын Сәбит Еркеғұлов жол салынып, жағдай жасалып жатқанына ризашылығын білдіріп, жаю жүргіншілер жолын салу жөнінде ұсынысын жеткізді. Қала әкімі мердігер «Алем Транс Жол» ЖШС-не жұмысты сапалы әрі уақытында аяқтауды тапсырды.

Жол-көлік инфрақұрылымы саласында 2026 жылы да бірқатар жоба жүзеге асуда. Қала және оған қарасты кенттер мен ауылдық округтер бойынша жалпы құны 35,4 млрд теңгеге құрайтын 21 жоба іске асуда. Бұл жобалар аясында ұзындығы 69,7 шақырым болатын 70 көшеге күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіледі.

Қала әкімі бұдан кейін Қызылжарма ауылдық округіндегі көшелердің қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Аталған округте Ибраев, Дилебаев, Кулыжанов, Алмағамбетов, Абдулов, Мейірманов, Б.Накылұлы көшелерімен қатар Қараарын, Төсбұлақ, Күркіреуік, Терісакпай түйіптары және Алтықұлаш, Қаратау, Тересай көшелерінде жөндеу жұмысы жүргізілуде.

Келесі нысан – Сағымбаев көшесі. Мұнда Торайғыров көшесінен «Қызылорда - Құмкөл» автожолына дейінгі жол 4 жолақты болып кеңейтіліп, асфальт төселіп, жарық шамдар мен жаю жүргіншілер жолы салынады. Жобаның құны – 1,5 млрд теңге, мердігер мекеме – «Қыран» ЖШС.

Басы 1-бетте

– Аймақ басшысының қолдауымен Сыр елінің бас шаһарында жол-көлік инфрақұрылымы қарқынды дамуда. Өткен жылы бұл саладағы жобаларға бюджеттің барлық көзінен 32,3 млрд теңге қаралды. Оның 9,6 млрд теңгесіне әуешай бағытындағы 3 көпір және «Қызылорда-Жезқазған» бағытындағы автожолдың 2,7 шақырымды құрайтын қалашілік бөлігі қайта жаңғыртудан өтті. Сонымен қатар 2025 жылы бастау алған темір жол асты өткелінің құрылысы жүргізілуде, – деді қала әкімі.

Қазіргі таңда Н.Назарбаев даңғылының 1,2 шақырымы, Тасбөгет кентіндегі Есенов көшесінің 1,9 шақырымы және Аманкелді көшесінің 1,3 шақырымы жөнделуде. Жоба аясында асфальт төселіп, жарық шамдар орнатылып, Есенов көшесіне су ағызу жүйесі қойылады.

Сондай-ақ Бәйтерек шағын ауданындағы онтүстік магистраль каналы арқылы өтетін көпір құрылысы жүргізілуде. Көпірдің ені – 14 метр, ұзындығы – 56 метр. Жоба бойынша асфальт жабындысы төселіп, 16 жарық бағанасы және жаю жүргіншілер жолы қарастырылған. Сонымен қатар «Сабалақ» елді мекенінің 34 көшесіне қиыршық тас төселуде.

Бұдан бөлек, жалпы ұзындығы 26,3 шақырым болатын кенттер мен ауылдық округтердегі 32 көшеде жол құрылысы жүргізілуде. Атап айтқанда, Тасбөгет кентінде 5,1 шақырымды құрайтын 4 көше,

Белкөл кентінде 0,8 шақырымдық 1 көше, Қызылөзек ауылдық округінде 1,8 шақырымдық 2 көше, Қызылжарма ауылдық округінде 10,2 шақырымдық 14 көше, Ақсуат ауылдық округінде 8 шақырымдық 10 көше және Талсуат ауылдық округінде 0,4 шақырымдық 1 көше қамтылған.

Қала көшелерін күтіп ұстау жұмыстары шеңберінде 35 көшеге асфальт төселіп, жол жабындыларының бүлінген тұсы қалпына келтірілді. Аймақ басшысының талабы – шет аймақтарға ерекше мән беру. Осыған байланысты 2025 жылы шет аймақтардағы 38 көшеге асфальт, Эдельвейс саяжайындағы 3 көшеге қиыршық тас төселді. Сонымен қатар шет аймақтардағы 17 көшеге асфальт, 8 көшеге қиыршық тас төселуде.

Шет аймақтар мен елді мекендердегі инфрақұрылымды дамыту – облыс әкімінің тікелей бақылауында. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Думан КЕҢШІЛІК

ГҮЛГЕ ОРАНҒАН ҚАЛА

Қала көркін арттырып, көшелерге жан бітіріп жүрген гүл егуші бригадалармен жүзлесіп қалдым. Танның атасынан күннің батысына дейін тынымсыз еңбек ететін жұмысшылар үшін әр етілген гүл – маңдай тердің жемісі.

№5 бригада жетекшісі Гүлназ Қалменованың айтуынша, бұл жұмыс сырт көзге оңай көрінгенімен, үлкен жауапкершілікті талап етеді.

– Сәуір айынан бастап гүл егу басталады. Маусым, мамыр айларында түбін қосытып, топырағын көтеру жұмыстары жасалады. Қаланың ауа райына тәзімді деп шафран, петунья, циния секілді гүлдер таңдап алынды. Назарбаев даңғылындағы гүлдер таңдап алынды. Назарбаев даңғылындағы гүлдер таңдап алынды. Назарбаев даңғылындағы гүлдер таңдап алынды.



Басы 1-бетте

Біздің жұмыс істейтін кісілердің тәжірибесі біздегі жұмыс күнді күтіп баптауда биыл бар. Сондықтан гүлді күтіп баптауда биыл өз уақыты, топырағы, күтімі бар. Біз алдымен жерді дайындаймыз, тыңайтқыш береміз, содан кейін гүлге ағамыз. Уақытылы суарып, арамшөбін жулып отырмасақ, еңбегіміз зия кетіуі мүмкін. Қазір ауа райы салқын болып тұрған соң білінбейді. Бірақ жаздың ыстығында жұмыс істеу оңай емес. Алайда сол қиындыққа қарамай, әрбір гүлге күтім жасаймыз. Гүлдердің жайпаң тұрғанын көргенде шаршағанын ұмытылады. Қаланың өңірінде шаршағанын ұмытылады. Қаланың өңірінде шаршағанын ұмытылады.

Айта кетейік, гүл егу науқаны биыл ерекше қарқын алмақ. Жақын арада облыс әкімдігі, «Сыр ана» монументі, Назарбаев даңғылы, Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, қала әкімдігі, Ы.Жақаев көшесі, Сырдария өзенінің сол жағалауы, Абылай хан даңғылы, «Тағзым» алаңы, орталық алаң, сондай-ақ аллеялар мен саябақтар түрлі гүлмен көмкеріледі. Қазір бұл аумақтарда жер дайындалып, қосыту жұмыстары жүргізілуде. Демек, бүкіл қала іші гүлге оранып, одан да әсем күйіне енетін болады.

Айтқын АЙТЖАНОВА

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ – ЖАНҒА ДӘРМЕН

Жедел жәрдем фельдшерінің жұмысы – бұл жай ғана мамандық емес, адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін нағыз жауапкершілік.

Елімізде жедел медициналық жәрдем көрсетудің құқықтық және регламенттік негіздері аясында жүзеге асырылады. Әрбір шақырту – қателесуге құқық жоқ бәлек бір оқиға.

Жедел жәрдемнің үйренішікті қабылдаудан айырмашылығы – мұнда бәрі тез, нақты және көбінесе уақыт тығыз жағдайда орындалады.

Негізгі нормативтік-құқықтық актілер:

1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдесіндегі Кодексі.
2. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығы. Бұл бұйрық «Жедел медициналық жәрдем, соның ішінде медициналық авиацияны тартумен көрсету қағидаларын» бекітеді.
3. ҚР ДСМ 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-269/2020 бұйрығы. Медициналық қызметтердің сапасына ішкі және сыртқы сараптама жүргізу қағидалары.
4. Шәкіртуларды сұрыптау және жеделдік санаттары (№ ҚР ДСМ-225/2020) бойынша жүргізіледі.
5. Аталған бұйрыққа сәйкес, диспетчер шақырту қабылдау кезінде оны автоматтандырылған жүйе арқылы келесі санаттарға жіктейді:
- 1-санат: Пациенттің өміріне тікелей қауіп төнетін, шұғыл медициналық көмекті қажет ететін жағдайлар (келу уақыты 10 минутқа дейін).
- 2-санат: Пациенттің өміріне медициналық көмек көрсетілмеген жағдайда ықтимал қауіп төнетін жағдайлар (келу уақыты 15 минутқа дейін).
- 3-санат: Пациенттің денсаулығына медициналық көмек көрсетілмеген жағдайда әлеуетті қауіп төнетін жағдайлар (келу уақыты 30 минутқа дейін).
- 4-санат: Пациенттің өмірі мен денсаулығына тікелей және ықтимал қауіп жоқ, жіті аурудан немесе созылмалы аурудың асқынуынан туындаған жағдайлар (келу уақыты 60 минутқа дейін) болып 4 санатқа бөлінеді.

Шақырту орындау қонырау түскен сәттен басталады. Дәл осы кезеңде жағдайды дұрыс бағалау маңызды: не болды, өмірге қауіп бар ма, қандай көмек қажет болуы мүмкін? Оқиға орнына келгенде түрлі жағдайлармен жоғары қан қысымы, дене қызуынан бастап, ауыр жаракаттар мен жедел көмек қажет жағдайлар кездеседі. Фельдшер әр жағдайға жауапкершілікпен қарай отырып жедел шешімдер қабылдайды.

Негізгі міндеттері:

- Жағдайды тез бағалау;
 - Тексеру жүргізу;
 - Алдын ала диагноз қою;
 - Алғашқы медициналық көмек көрсету.
- Жедел жәрдем – бұл стандартты жағдайлар болмайтын, үнемі шиеленісте жұмыс істеу деген сөз. Әрбір шақырту



Құндызай ШАКИЗАҚЫЗЫ, №1 қалалық емхана фельдшері

КӨНІЛ АЙТУ

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымы Арал ауданының әкімі Оңғарбаев Аманжол Сақыпұлына ұлы Сақын Нұртуған Аманжолұлының мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҒЫЛЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ТОҒЫСТЫРҒАН ТҰЛҒА

Асанов Жұматай Ілесбайұлының өнегелі өмір жолы



Асанов Жұматай Ілесбайұлы 1939 жылдың 14 сәуірінде қасиетті Сыр өңірінде, Қызылорда облысының Сырдария ауданында дүниеге келді. Бұл – ел еңсесін енді ғана тіктеп, соғыстан кейінгі ауыртыпалықтың салмағын әлі де сезініп тұрған күрделі кезең еді. Дегенмен, сол бір тарихи кезеңдегі білімге деген құштарлық ерте ойянып, зердесі мен зейіні қатар дамыды. 1947 жылы №1 Май атындағы орта мектептің табалдырығын аттаған ол білім ордасын тек оқу орны ғана емес, үлкен өмірге бастар қасиетті шаңқар ретінде қабылдады. Ол жылдық білімін 1957 жылы ойдағыдай аяқтап шыққан жас тұлға сол кездің өзінде-ақ алғырлығымен, ізденімпаздығымен, терең ойлау қабілетімен ерекшеленіп үлгерген еді. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ ғылымға деген қызығушылығы айқын байқалған талапты жастың болашақта ғылым жолын таңдайтыны ұстаздары мен замандастарына анық сезілгендей болатын. Оның әрбір қадамы, әрбір тапшынысы – үлкен мақсаттарға бастайтын сенімді қадамдардың бастауы еді.

Орта мектепті ойдағыдай тәмамдаған жас талапкер 1957 жылы білім жолындағы келесі маңызды белеске қадам бастады. Ол Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының «Химия және биология» факультетіне оқуға түсіп, ғылым әлеміне тереңірек бойлай бастады. Бұл оқу орны оның өмірлік бағытын айқындап, болашақ ұстаз әрі ғалым ретінде қалыптасуына негіз қалаған қасиетті білім ордасы болды. Студенттік жылдар Жұматай Ілесбайұлы үшін тек білім алумен шектелген жоқ. Бұл кезең оның ой-өрісінің кеңейіп, ғылыми танымның тереңдей түскен, ізденіс пен тапшынысқа толы уақыт еді. Жаратылыстану ғылымдарының қыр-сырын жіті менгерген ол әрбір пәнге үлкен жауапкершілікпен қарап, білімді терең игеруге ұмтылды. Осылайша, 1962 жылы жоғары білім алып шыққан жас маманның бойында ғылымға деген берік сенім мен ұстаздыққа деген айқын мақсат қалыптасты. Химия мен биология саласындағы терең білімі оның кейінгі педагогикалық ізденістеріне мықты тірек болып, ғылым мен білімді ұштастырған іргелі еңбектерге бастау берді.

Жұматай Ілесбайұлының еңбек жолы 1962 жылы Жалағаш ауданындағы №117 мектептен бастау алды. Жас ұстаз үшін бұл – үлкен өмірге, жауапкершілігі мол мамандыққа алғашқы қадам еді. Ол сыныпқа жай ғана мұғалім болып кірген жоқ, шәкірт жүрегіне жол табуы, біліммен қатар тәрбие беруді басты мұрат еткен жан ретінде келді. Әрбір сабағында тек пәндік біліммен шектелмей, адамгершілік құндылықтарды бойға сіңіруге ұмтылып, оқушылармен етене жақын қарым-қатынас орната білді.

1964 жылы қаладағы №43 «Коммунизм» атындағы орта мектепке ауысуы – оның ұстаздық жолындағы жана бір белес болды. Бұл кезең жас маманның кәсіби тұрғыда ыңыдалып, тәжірибе жинақтаған, өз ісіне деген сенімі нығайған уақыт еді. Ол сабағына үлкен жауапкершілікпен қарап, жанашыл әдіс-тәсілдерді бағыт енгізуге ұмтылуы оның педагогикалық шеберлігін арттыра түсті. Осы қасиеттері арқылы ол әріптестері арасында беделді, ізденімпаз ұстаз ретінде таныла бастады.

1965-1967 жылдары азаматтық борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы қасиетті міндетін абыроймен атқарды. Әскердегі темірдей тәртіп, жауапкершілік, төзімділік пен ұйымшылдық оны өмірлік тұрғыда шыңдап, мінезін бекемдей түсті. Бұл қасиеттер кейін оның ұстаздық әрі ғылыми қызметінде айқын көрініс тауып, табысты еңбек етуіне негіз болды.

Әскери қызметтен кейін Жұматай Ілесбайұлы білім мен ғылым жолына қайта оралып, өз таңдаған мамандығына деген адалдығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Ол үшін ұстаздық уақытша қызмет емес, өмірлік миссия, ел болашағына қызмет етудің ең ізгі жолы еді.

1970 жыл Жұматай Ілесбайұлының өмір жолындағы жана белес, жана өрлеу кезеңін бастауы болды. Ол Қызылорда педагогикалық институтының Педагогика және психология кафедрасына оқытушылық қызметке қабылданып, жоғары білім беру саласында табысты еңбек жолын жалғастырды. Бұл орта – оның шығармашылық әлеуетін ашып, ғылым мен

Қазақ педагогикасының көкжиегін кеңейтіп, ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті тұлғалардың бірі – Асанов Жұматай Ілесбайұлы. Ол саналы ғұмырын ғылым мен білімге арнап, жас ұрпақтың бойына ізгілік пен ілімнің дәнін себуді өмірлік мұрат еткен нағыз ұлағатты ұстаз еді. Оның есімі – тек ғылым жолындағы жетістіктерімен ғана емес, адамгершілік биігімен, ұстаздыққа деген адалдығымен де айрықша құрметке лайық. Ол қай ортада жүрсе де, білім мен тәрбиені қатар ұстанып, ұрпақ санасына сәуле түсіруді басты парызы санады. Ұстаздық пен ғалымдықты егіз ұғымдай қатар алып жүрген оның есімі Сыр өңірін шектелмей, құлді республика көлеміндегі педагогика ғылымының тарихынан өзіндік орнын тапқан, өнегесі өрісті тұлға ретінде ел жадында сақталып келеді.

ұстаздықты терең ұштастыруына мүмкіндік берген құнарлы алаңға айналды. Осы кезеңнен бастап ол педагогиканың тек тәжірибелік емес, теориялық терең қатпарларына үңіліп, ғылыми ізденіске батыл бет бұрды. Студенттермен етене жұмыс істей отырып, олардың кәсіби қалыптасуына ғана емес, тұлғалық дамуына да айрықша мән берді. Жұматай Ілесбайұлы үшін ұстаздық тек білім беру емес, жас ұрпаққа өмірдің мәнін ұғындырып, бағыт-бағдар сілтеу еді. Талапшылдығы мен әділдігі, мейірімділігі мен парасаттылығы оны шәкірт жүрегіне жақын етіп, әр студенттің жадында ерекше ұстаз ретінде қалдырды.

Ғылымға деген шынайы құштарлық оны одан әрі терең ізденістерге жетеледі. Осы тапшыныстың нәтижесінде 1980 жылы Мәскеу мемлекеттік педагогика институтының аспирантурасын сәтті тәмамдап, үлкен ғылыми мектептен өтіп шығады. Бұл оның ғылыми көкжиегін кеңейтіп, зерттеушілік қабілетін шыңдаған маңызды кезең болды.

1981 жылы ол «Ауыл орта мектебінде пән-аралық негізде агрохимия бойынша үйірме сабақтарының педагогикалық тиімділігі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. Бұл еңбек ауыл мектептеріндегі білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған, теория мен тәжірибені ұштастырған құнды ғылыми зерттеу ретінде жоғары бағаланды. Ғалым өз еңбегінде білім сапасын арттырудың нақты тетіктерін ұсынып, педагогика ғылымына тың серпін әкелді.

1985 жылы Педагогика және психология кафедрасының доценті ғылыми атағына ие болуы Жұматай Ілесбайұлының ұзақ жылдар бойы табандылықпен атқарған ғылыми-педагогикалық еңбегінің заңды жемісі еді. Бұл оның ғылым мен білім саласындағы ізденістерінің нәтижесі болып, кәсіби тұрғыда биік деңгейге көтерілгенін айқындайтын маңызды белес болды. Ал 1991 жылы «Ұлттық тәлім-тәрбие негіздері» кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалуы оның бағыт-бағдарының айқын екенін, ұлттық руханият пен этнопедагогика мәселелеріне ерекше ден қойғанын көрсетеді.

Жұматай Ілесбайұлы үшін тәрбие тек оқу үдерісінің бір бөлігі емес, ұлттың болмысын сақтайтын, рухани тамырын жалғайтын қасиетті құндылық еді. Ол қазақ халқының салт-дәстүрі мен рухани мұрасын білім беру жүйесіне енгізудің маңызын үнемі айтып, осы бағытта субелі ғылыми еңбектер жазды. Ғалымның бұл ұстанымы ұлттық тәрбиені ғылыммен ұштастырып, жас ұрпақтың бойына төл құндылықтарды сіңіруге деген терең жауапкершілігін көрсітеді.

1995 жылы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде аға ғылыми қызметкер ретінде қызмет атқаруы оның ғылыми ізденістерінің аясын кеңейтіп, жана деңгейге көтерілуіне жол ашты. Бұл кезеңде ол іргелі зерттеулерге ден қойып, педагогика ғылымының өзекті мәселелерін тереңірек қарастыра түсті.

Ал 2000 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры атануы оның көп жылғы маңдай терінің, тынымсыз еңбегінің жарқын нәтижесі еді. Профессор ретінде Жұматай Ілесбайұлы тек дәріс оқумен шектелмей, жас ғалымдарға бағыт-бағдар беріп, олардың ғылыми ізденістеріне жол ашты. Ол қалыптастырған ғылыми орта ізденіске, жаңашылдыққа ұмтылған жас буын үшін үлкен мектепке айналды.

Жұматай Ілесбайұлының ғылымдағы биік белесі 2005 жылы жана асуларды бағындыруымен айшықталды. Ол Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ғылыми кеңесінде «Студенттердің этнопедагогикалық білімдері мен ікемділіктері жүйесін қалыптастырудың дидактикалық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымының жана бір белесін айқындады. Бұл еңбек жоғары оқу орындарындағы білім мазмұнын ұлттық құндылықтармен сабақтастыра отырып, ұрпақ тәрбиесінің ғылыми негіздерін жүйеленген іргелі зерттеу ретінде бағаланды.

Ғалымның бұл жетістігі оның ғылыми беделін одан әрі асқартып, 2006 жылы Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының «Құрметті академик» атануына жол ашты. Сонымен қатар халықаралық ғылыми қауымдастықтардың мүшелігіне қабылдануы, оның еңбектерінің тек ел көлемінде ғана емес, әлемдік деңгейде де мойындалғанының айқын дәлелі еді.

Жұматай Ілесбайұлы – ғылымға қалтқысыз қызмет еткен ғалым. Оның қаламынан туған 90-нан астам ғылыми еңбек пен 27 оқу-әдістемелік оқулық – педагогика саласының

алтын қорына қосылған құнды дүниелер. Бұл еңбектерде тәрбие теориясы, этнопедагогика, білім тарихы секілді маңызды бағыттар кеңінен қамтылып, бүгінгі күнге дейін студенттер мен жас зерттеушілердің білім көкжиегін кеңейтіп келеді.

2011 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан профессор ғылыми атағының берілуі ұстаздың сан жылдық еңбегіне берілген жоғары баға, ел сенімінің айғағы болды.

Жұматай Ілесбайұлының тұлғасын асқартата түсетін қасиеттер тек ғылыммен шектелмейді. Оның өмірінде адамгершілік пен батылдықтың тоғысқан сәттері де аз емес. Соның бірі – 1962 жылы Қостанай өңірінде орын алған оқиға. Көктемгі мұз ойылып, суға кетіп бара жатқан алты баланың төртеуін ажалдан арашалап қалуы нағыз әр жүрек азаматтың ісі еді. Бұл – жанқиярлық пен адам өміріне деген шынайы жанашырлықтың айқын көрінісі.

Осы ерлігі үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталуы оның азаматтық болмысының биіктігін танытатын лайықты құрмет болды. Араға жылдар салып жария болған бұл оқиға Жұматай Ілесбайұлының тек ғалым ғана емес, жүрегі кең, батылдығы мен парасаты қатар үйлескен нағыз тұлға екенін тағы бір мәрте дәлелдей түсті.

2010 жылы педагогика ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеулері үшін Ыбырай Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері атануы – Жұматай Ілесбайұлының ғылымдағы субелі еңбегінің айқын айғағы болды. Бұл марапат – бір күннің немесе бір жылдың жемісі емес, ұзақ жылдарға созылған тынымсыз ізденістің, ұстаздық жолдағы адал жеметтің, ұлт болашағына деген шынайы жанашырлықтың нәтижесі еді. Ғалымның бұл жетістігі оның білім мен тәрбие саласына қосқан өлшеусіз үлесінің мемлекет тарапынан жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Ұстаз еңбегінің өміршеңдігі – оның артында қалған ізінде, өнегелі ісінде, шәкірт санасында жалғасқан рухани мұрасында жатыр. Соның жарқын дәлелі ретінде 2022 жылдың 16 қыркүйегінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің №7 оқу ғимаратында Асанов Жұматай Ілесбайұлы атындағы дәрісхананың ашылуы айтуға болады. Бұл игі іс – ғалымның перзенттерінің өз еңбегіне деген құрметі мен тағзымы ғана емес, оқу орнының да ұлағатты ұстазға деген зор ішпінатының белгісі болды.

Заманауи талаптарға сай жабдықталған бұл дәрісхана бүгінде жүздеген студенттің білім нәрімен сусындап, болашаққа сенімді қадам басып жатқан киелі ордасына айналды. Бұл – ұстаз еңбегінің тоқтаусыз жалғасып жатқанын, оның рухани мұрасының уақыт өткен сайын жаңғырып, жас ұрпақпен бірге өмір сүріп келе жатқанын айқын көрсетеді.

Асанов Жұматай Ілесбайұлының ғұмыры – жеке адамның жетістігінен әлдеқайда биік, тұтас бір ұрпаққа өнеге болар тағлымды өмір жолы. Ол ғылым мен тәрбиені қатар ұштастырып, батылдықты пен қарапайымдылықты, талап пен мейірімділікті өз бойына үйлестіре білген кемел тұлға еді. Бүгінде оның шәкірттері еліміздің әр қиырында еңбек етіп, ұстаздан алған тәлім-тәрбиені жалғастырып, ел игілігіне қызмет етуде.


Осындай тұлғалардың өмірі – ұлттың рухани байлығы. Жұматай Ілесбайұлының өнегелі ғұмыры әлі талай буынға жол көрсететін шамшырақ болып қала бермек. Ғалым-ұстаздардың ғибаратты ғұмыры арқылы елдің білім кеңістігі кеңейіп, ұлттың рухани қуаты еселене түседі. Өйткені олар тек білім үйретіп қана қоймай, ұрпақ санасына ізгілік пен парасаттың, ұлттық құндылықтар мен адамдық асыл қасиеттердің дәнін себеді. Мұндай тұлғалардың өнегелі жолы – уақыт өткен сайын мәні арта түсетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын рухани мұра.

Жұматай Ілесбайұлының саналы ғұмыры – ізденіске толы ғылым жолының, адал еңбек пен шынайы ұстаздықтың жарқын үлгісі. Оның жүріп өткен жолы жас буынға бағыт-бағдар беретін темірқазық, биік мұраттарға жетелейтін сенімді жол. Ғылым мен адамгершілікті қатар ұстаған осындай тұлғаның тағлымды өмірі ұлт жадында мәңгі сақталып, келешек ұрпаққа рухани күш беретін асыл қазына болып қала бермек.

Нұрхан ӘБДІХАЛЫКОВ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру» орталығының жетекшісі, Педагогика ғылымдарының магистрі

Соңғы жылдары еліміздің білім беру саласында ауқымды реформа жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, енді елімізде жоғары білім беру жүйесіне ауқымды өзгеріс енгізіліп, оқу бағдарламалары қайта қаралады. Үкімет мазмұны ескірген, тиімділігі төмен 700-ге жуық білім беру бағдарламасын қысқарту бастамасын қолға алды. Бұл қадам – сапаны арттыруға, еңбек нарығына қажетті мамандар даярлауға бағытталған маңызды өзгерістің бірі. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева елде білім беру бағдарламалары тым артық әрі тәжірибеден алшақ деп есептейді. Вице-премьер маман даярлау саласындағы сәйкессіздіктерге мән беру қажеттігін атап айтты.



ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАРАДЫ

– Білім беру жүйесінде шамадан тыс академизм, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының қайталануы байқалады. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында экономика бағыты бойынша 142, ал құқықтану бойынша 115 білім беру бағдарламасы жүзеге асуда. Көп жағдайда мұндай бағдарламалар бір оқу орнының өз ішінде де қайталанып отыр. Сонымен қатар зерттеу базасымен жеткілікті қамтамасыз етілмеген шамадан тыс академиялық сипат сақталып, теория мен нақты тәжірибе арасындағы алшақтық тереңдей түскен. Бұл – жекелеген жоғары оқу орындарының мәселесі емес, жүйелі шешімді талап ететін ортақ түйткіл. Сондықтан біз бұл бағытта нақты шешім қабылдап отырмыз. Жалпы саны 700-ден астам білім беру бағдарламасы қысқартылады. Оның ішінде 78 жоғары оқу орнындағы 503 бағдарлама артықтықты жою үшін, тағы 26 бағыт бойынша 235 бағдарлама жүйелігі олқылықты жою мақсатында тоқтатылады. Бұл ретте барлық студенттердің оқуын толық аяқтауына кепілдік беріледі. Алайда аталған бағдарламалар бойынша жана қабылдау жүргізілмейді, – деп атап өтті вице-премьер.

Ескі бағдарламалардың орнына 21 басым бағыт іске қосылды. Олардың қатарында AI and Data, Bioengineering, Smart Agriculture және EdTech болады. Сонымен қатар 35 бағыт бойынша бағдарламалар жаңғыртылып, work-based learning (жұмыс орнында оқыту) үлесі артады. ЮНЕСКО ұсынымына сай, бұл көрсеткіш бакалавриатта 25%-ға, магистратурада 40%-ға дейін жеткізілмек.

Мемлекеттік гранттар енді өңірлік экономиканың нақты қажеттіліктеріне қарай бөлінеді. Бұл қадам әр аймақта қажетті мамандарды даярлауға мүмкіндік беріп, кадр тапшылығы мәселесін шешуге ықпал етеді. Яғни, жарнар тек диплом алып қана қоймай, оқуын аяқтаған соң өз өңірінде сұранысқа ие маман ретінде еңбек етуге жол ашады.

Реформа аясында педагогикалық жоғары оқу орындарына ерекше мән беріліп отыр. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева атап өткендей, қазіргі заманғы ұстаз тек білім беруді ғана емес, сонымен қатар рухани құндылықтарды дәрiптeушi, жана технологиялардың, оның ішінде жасанды

интеллект пен цифрлық ортадағы этика және қауіпсіздіктің жетекшісі болуы тиіс. Осыған байланысты педагогикалық ЖОО-лардың қызметі түбегейлі өзгермек.

Жана модельдегі университеттер инновациялар мен экономиканың, ұлттық бірегейлік пен азаматтық жауапкершіліктің орталығына айналуы көзделіп отыр. Бұл – жоғары оқу орындарын тек білім беретін мекеме емес, қоғам дамуына серпін беретін интелектуалды алаңға айналдырудың бастамасы.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек те бұл бағытта нақты шара қолға алынғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, білім мазмұны еңбек нарығының сұранысына бейімделіп, оқу бағдарламалары заман талабына сай жаңартылады.

Сонымен қатар жоғары оқу орындарына қабылдау мен іріктеу тетіктерін бастап, оқыту технологиялары мен бағдарламаларына дейін толық трансформация жүргізу жоспарланбақ. Енді басты назар теориялық білімнен гөрі, нақты дағды мен құзыреттілікті қалыптастыруға аударылады.

Түлектерді жұмысқа орналастыру және біліктілікті арттыру жүйесі де жана ша форматта дамиды. Бұл жастардың еңбек нарығына тез бейімделуіне және кәсіби тұрғыда үздіксіз дамуына мүмкіндік береді. Ал тәрбие жұмысының өзіндегі жалпыұлттық бірлікті нығайту, жауапты әрі жасампаз патриотизмді қалыптастыру міндеті тұр.

Мемлекет ұсынатын отырған «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан», «Толық адам» секілді құндылықтар білім беру жүйесі арқылы жас ұрпақтың санасына сіңірілмек. Бұл – жана Қазақстанның іргесін қалайтын негізгі бағыттардың бірі.

Қорытындылай келе, қолға алған реформалар бір реттік шешім емес, жүйелі саясаттың бастауы. Білім беру жүйесін жаңғырту арқылы елдің адами капиталы күшейіп, әр азамат ел дамуының белсенді қозғалуына күшіне айналуы тиіс. Яғни, алдағы бастамалар арқылы еліміздегі білім жүйесі жана деңгейге көтеріліп, заман талабына сай жаңара түспек.

**Айтқалық
БАТЫРБАЙҚЫЗЫ**

ОҚУҒА ҚҰШТАР ӨРЕНДЕР

Ж.Нүрсейітов атындағы №233 орта мектебінде «Кітап оқы, ойға тоқы – Читай и размышляй» атты қазан-сәуір айы аралығында ұйымдастырылған кітап оқу сайысының жеңімпаздары анықталды.

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, олардың ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын дамыту мақсатында ұйымдастырылған сайысқа әр сыныптан оқуға бейім, белсенді оқушылар қатысты. Қатысушылар алдын ала берілген көркем шығармаларды оқып, сол кітаптар бойынша кейіпкерлерге талдау жасап, шығарманың негізгі идеясын аша білді.

Кітап оқу сайысы екі кезең бойынша өтті. Алғашқы кезеңде оқушылар тест тапсырса, екінші кезеңде сұрақ-жауап арқылы білімдерін дәлелдеді. Сайыс

барысында оқушылар тапқырлықтарын және шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. Әсіресе, кейіпкерлерге мінездеме беру мен шығарманың тәрбиелік мәнін түсіндіруде ерекше белсенділік танытты.

Сайыс қорытындысы бойынша үздік оқушылар марапатталды. Бас жүлдеге бастауыш, орта буын және жоғары сынып оқушыларына велосипед табысталды. 1, 2, 3 орын иегерлеріне сыйлықтар беріліп, белсенді қатысушыларға мектеп директорының алғыс хаттары табысталды.

Бұл іс-шара оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, өз ойын еркін жеткізуге үлкен ықпал етеді. Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

«Ақмешіт-ақпарат»



12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

– Соңғы жылдары мемлекет тарапынан жас зерттеушілерге қолдау көрсетілуде. Осы мүмкіндіктер жас мамандардың ғылымға келуіне және оның сапасына қалай әсер етіп жатыр?

– Мемлекеттік қолдау – ғылымды дамытудың басты тетігінің бірі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қызметін, сондай-ақ жас зерттеушілерге серпін беріп жүрген Есенов қоры, Қапенов қоры және «Асылтас» қоры секілді ұйымдардың жұмысын ерекше атап өткен жөн. Жас ғылым үшін ең маңыздысы – мүмкіндіктерге жол ашу, заманауи зертханалық базамен қамтамасыз ету және кәсіби ғылыми орта қалыптастыру. Соңғы жылдары гранттық қаржыландыру, докторантура бағдарламалары, шетелдік ғылыми орталықтардағы тағлымдамалар секілді бастамалар жастардың ғылымға қамтамасыз етуіне жол ашты. Өз тәжірибем

алмасу жас ғалымдардың көзқарасын қалай өзгертті?

– Бүгінде Қазақстан ғылыми әлемдік деңгейге көрнекті ғалымдар мектебінің, яғни қалыптасқан ғылыми мектептердің арқасында көтеріліп келеді. Scopus және Web of Science халықаралық дерекқорларында жарияланған мақалалар арқылы еліміз жаһандық ғылыми кеңістіктегі өз орнын аяққандық, белініп нығайтып отыр. Әсіресе, математика, физика, энергетика, химия, экология, IT, агротехнология және материалтану бағыттарында бәсекеге қабілетті зерттеушілер аз емес. Бұл салаларда отандық ғалымдардың әлеуеті жоғары екенін нақты ғылыми нәтижелер көрсетіп келеді. Осы орайда халықаралық тағлымдамалардың маңызы ерекше. Өйткені зерттеуші шетелдік ғылыми ортада тек жана білім алып қана қоймай, уақытты тиімді басқару, академиялық адалдық қағидаларын сақтау, дерекпен жүйелі жұмыс істеу және ғылыми пікірталас мәдениетін меңгереді. Мұның бәрі ғалымның кәсіби қалыптасуына тікелей әсер етеді. Мәселен, Гарвард университетіндегі ғылыми ортада пікір алмасуға айрықша мән беріледі. Бұл жерде пәнаралық көзқарастың, сапалы талдаудың және ғылымның алдыңғы шебіндегі мақалаларды тұрақты оқудың қаншалықты маңызды екені анық сезіледі. Осындай тәжірибе жас ғалымдардың кәсіби көзқарасты кеңейтіп қана қоймай, өз мүмкіндігіне деген сенімін арттырады. Ең бастысы, мұндай орта жас зерттеушілердің санасында «біз де әлемдік деңгейде зерттеу жүргізе аламыз» деген сенімді бекемдейді. Ал бұл – ұлттық ғылымның болашағы үшін аса маңызды фактор.

– Қазіргі ғылымды IT технологияларсыз елестету мүмкін емес. Цифрландыру үдерісі дәстүрлі ғылыми бағыттардың (физика, энергетика т.б.) дамуына қандай серпін беріп отыр?

– Цифрландыру дәстүрлі ғылым салаларына жаңа деңгейге көтеріп деп



Нурхат ЖАКИЕВ, Гарвард университеті Дэвис орталығының зерттеушісі, PhD, Astana IT University Интеллектуалды жүйелер мектебінің профессоры:

ҒЫЛЫМ ЗЕРТХАНА ДЕҢГЕЙІНДЕ ҚАЛМАУ КЕРЕК

тоқталсам, Түркияда IsDB бағдарламасы аясында Германияда DAAD бағдарламасы бойынша халықаралық тағлымдамалардан өттім. Қазіргі таңда «Болашақ» халықаралық бағдарламасы арқылы Гарвард университетінде ғылыми зерттеу әдістері мен ғылым мәдениетін меңгеріп жүрмін. Осындай ортада ғылымға деген көзқарас өзгерді. Тәртіп пен жоғары талап адамның кәсіби деңгейін көтеріп, ойлау аясын кеңейтеді. Мұндай мүмкіндіктер жас ғалымдардың дүниетанымын байыттып қана қоймай, оларды әлемдік стандарт деңгейінде жұмыс істеуге бейімдейді. Сондықтан ғылымды дамыту жолында мемлекет қолдауы мен қоғамдық қорлардың бастамалары айрықша маңызға ие.

– Отандық инновациялық өнімдерге бизнестің қызығушылығын арттыру үшін қандай қадам жасалу керек?

– Ғылым қоғам игілігіне қызмет еткен кезде оның құны арта түседі. Бұл үшін ғылым, бизнес және мемлекет арасында өзара үйлескен, тиімді байланыс қалыптасуы қажет. Бүгінде университеттер, ғылыми орталықтар мен бизнес құрылымдары арасында технологиялық бәсеке мен серіктестік қатар жүретін орта қалыптастыру – уақыт талабы. Әсіресе, пилоттық жобалардың санын көбейту маңызды. Өндіріс орындарының ғылыми зерттеулерді сынақтан өткізуге және өндіріске енгізуге ынталандыратын салықтық жеңілдіктер мен институционалдық қолдау тетіктері қажет. Сонда ғана ғылыми идея нақты экономикалық және әлеуметтік нәтижеге айналады. Дегенмен ғылымның құндылығын тек материалдық тиімділікпен өлшеу жеткіліксіз. Оның интеллектуалдық, гуманитарлық, рухани және мәдени маңызы да айрықша. Ғылым – қоғамның ойлау сапасын арттыратын, дүниетанымын кеңейтетін, өркендетіп денгейін айқындайтын маңызды күш. Сондықтан бизнес ғылымға, ал ғылым бизнеске тек пайда көзі ретінде емес, стратегиялық серіктес ретінде қарауы керек. Ғылым мен бизнес зайырлы, саналы, бәсекеге қабілетті қоғам қалыптастыру миссиясына ортақ жауапкершілікпен қарағаны жөн. Ал жастарды ғылымға тарту мектеп қабырғасынан басталуы тиіс. Мектепшілік олимпиадалар, ғылыми жобалар, хакатондар, дебат клубтары, кітап оқу мәдениеті секілді бастамалар жас буынның ғылымға қызығушылығын оятып, ізденіске жетелейді. Осындай жүйелі қадамдар арқылы ғана ғылымға бейім, ойы сергек, білімді ұрпақ қалыптастыруға болады.

– Отандық ғылымның әлемдік кеңістіктегі орны қандай? Шетелдік жетекші ғылыми орталықтармен тәжірибе

Басы 1-бетте

сеніммен айтуға болады. Бүгінде физика мен энергетикада компьютерлік модельдеу, үлкен деректерді талдау, машиналық оқыту әдістері күрделі жүйелерді бұрынғыдан әлдеқайда дәл болжауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл ғылыми зерттеулердің сапасын арттырып қана қоймай, олардың қолданбалы маңызын да күшейтті. Менің зерттеу бағытымда да осы үдерістің ықпалы айқын байқалады. Атап айтқанда, энергия жүйелерін модельдеу, жанарғылатын энергия көздерін интеграциялау, ресурстарды үнемдеу және оңтайландыру секілді маңызды міндеттер бүгінде заманауи цифрлық құралдардың көмегімен жүзеге асуда. Бұл – цифрлық технологиялардың ғылым үшін тек қосымша мүмкіндік емес, негізгі құралға айналып отырғанын көрсетеді. Жасанды интеллект пен деректерді өңдеуге негізделген сервистер орталықтар да жоғары қарқынмен дамып келеді. Соның нәтижесінде IT саласы қазір ғылымның барлық бағытына дерлік ықпал етіп отыр. Бүгінде ақпараттық технологиялар тек техникалық қолдау құралы емес, ғылыми жаңалықтың өзегіне айналды деуге болады. Мұны биотехнология мен генетика саласындағы жетістіктерден де көруге болады. Тіпті Нобель сыйлығына ие болған зерттеулердің арасында IT бағытындағы мамандардың болуы кездейсоқ құбылыс емес.

– Ғылымға жана келген жастарға қандай кеңес бересіз?

– Ғылым жолы – иісмен құдық қазғандай ұзақ, қиын, бірақ мағынасы терең, қадірлі және игілігі мол сара жол. Бұл жолда сабыр, тәртіп, еңбекқорлық және үздіксіз ізденіс қажет. Жас ғалымдарға ең алдымен мықты академиялық әдет қалыптастыруға кеңес берер едім. Ол үшін көп оқу, сыни ойлау, орынды сұрақ қоя білу және өз зерттеу тақырыбын терең меңгеру аса қажет. Өрбір зерттеуші өз саласының нағыз маманына, білікті сарапшысына айналуды ұмтылуы керек. Ғылыми ізденіс үлкен максаттан қорықпауды талап етеді. Бүгінде әлемдік ғылыми ортаға енуге, халықаралық деңгейде зерттеу жүргізуге толық мүмкіндік бар. Ең бастысы – сол мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, ғылымды шын ниетпен сүю, елге пайдалы болуды өмірлік мұратқа айналдыру. Ғылым – тек жеке жетістікке жетудің жолы емес, ұлттық болашағына қызмет ететін үлкен миссия. Сондықтан жас ғалым өз еңбегінің қоғамға, ел дамуына қосар үлесін әрдайым терең сезінуі керек!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
София ХАЙРУЛЛА

ҒАРЫШ ҚАҚПАСЫ ЖӘНЕ АДАМЗАТТЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒАРЫШТАҒЫ КАПИТАЛЫ: АДАМДАР, БАҒДАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕ

Қазақстанның ғарыш тарихы Байқоңыр айлағының абыройымен ғана шектелмейді. Еліміздің бұл саладағы жетістігі – орбитаны бағындырған тұлғалар мен онда орындалған күрделі ғылыми бағдарламалардың нәтижесінде. Отандық космонавтика тарихында үш бірдей айтулы есім бар: Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов. Олардың әрқайсысының ғарышқа сапары мемлекеттің стратегиялық мүддесін қорғаған бес бірдей ұлттық ғарыштық бағдарламаның жүзеге асуымен тығыз байланысты. Токтар Әубәкіровтің 1991 жылы ғарышқа ұшар миссиясы Қазақстан ғылымы үшін үлкен белес болды. Ресми деректерде оның сапары аясында Қазақстан Ғылым академиясының бес бірдей институты дайындаған ғылыми зерттеулердің орындалғаны жазылған. Ғарыштық медицина, биотехнология, материалтану және жерді қашықтан зондтау салаларындағы бұл жұмыстар қазақтың тұңғыш ғарышкерінің миссиясы саяси мәртебе үшін ғана емес, нақты ғылыми-тәжірибелік мақсатта ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Талғат Мұсабаевтың 1994, 1998 және 2001 жылдардағы миссиялары бұл бағытты кәсіби деңгейге көтерді. Ресми жарияланған мәліметтерге сүйенсек, ол ғарыш кеңістігінде жалпы есеппен 341 күн 9 сағат 48 минут 41 секунд өткізген. Бұл көрсеткіш. Ал 2015 жылы ғарышқа ұшқан Айдын Айымбетов тәуелсіз Қазақстанның жана буын ғарышкері ретінде тарихқа енді.

ҒАРЫШ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМНІҢ ДРАЙВЕРІ, БАЙЛАНЫС КЕПІЛІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Бүгінде ғарыш саласы тек аспан әлемін бағындырудың символы емес, ол жердегі күнделікті тұрмыс сапасына, экономикалық тұрақтылыққа және мемлекеттік басқарудың тиімділігіне тікелей әсер ететін қуатты құралға айналды. Бұл әсердің ең айқын көрінісі ұлттық байланыс жүйесі мен ғарыштық мониторинг мүмкіндіктерінде жатыр.

Қазіргі таңда елімізде «KazSat» сериялы ұлттық ғарыштық байланыс және хабар тарату жүйесі толыққанды қалыптасқан. Ресми деректерге сүйенсек, қазіргі уақытта екі бірдей байланыс серігі мен екі жерүсті басқару кешені штаттық режимде мүлтіксіз қызмет көрсетіп тұр. 2024 жылдың қорытындысы бойынша жүйенің жүктемесі 76 пайызға жетіп, елдің спутниктік байланысқа деген сұранысын 100 пайыз қанағаттандыруға мүмкіндік берді. Бұл жүйенің игілігін отандық 16 ірі оператор пайдаланып, 16 мыңнан астам спутниктік байланыс станциясының жұмысын қамтамасыз етеді. Қазақстан секілді мемлекет үшін бұл – жай ғана технологиялық жетістік емес, бұл инфрақұрылымдық теңдікті орнатудың басты кепілі. «KazSat» арқылы ең шалғай аймақтардағы мектептер, ауруханалар мен әкімдіктер сапалы интернетке қол жеткізді, тіпті пойыздардағы байланыс та осы жүйе арқылы реттелуде.

Ғарыш технологияларының екінші бір стратегиялық бағыты – жерді қашықтан зондтау (ЖКЗ) жүйесі. 2015 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқан бұл кешеннің құрамында «KazEOSat-1» және «KazEOSat-2» аппараттары бар. Бұл жүйе Қазақстанның табиғи ресурстарды игеру, ауыл шаруашылығы, геодезия, экология және қорғаныс салаларындағы ақпараттық тәуелсіздігін толық қамтамасыз етеді. Ең бастысы, бұл күрделі техниканы еуропалық орталықтарда тағлымдамалардан өткен, жоғары білікті отандық мамандар басқарады.

Ғылыми деректердің нақты қолданбалы мәні төтенше жағдайлар кезінде анық көрінеді. Мәселен, «Семей орманы» резерватындағы жойқын өрт кезінде ғарыштық мониторинг деректері жердегі барлау жұмыстарымен толық сәйкес келіп, дағдарыс сәтінде дұрыс шешім қабылдауға көмектесті. 63,3 мың гектардан астам өртенген аумақтың көлемін дәл анықтау тек ғарыштық суреттер арқылы жүзеге асты. Осы секілді технологиялардың арқасында еліміздің жер ресурстары 100 пайыз цифрландырылды. Бұл – мемлекеттік басқарудың сапалық трансформациясының белгісі. Жер қатынастарынан бастап, ауыл шаруашылығы мен экологиялық бақылауға дейінгі барлық маңызды салалар бүгінде нақты, айқын ғарыштық деректерге сүйенеді.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЕГЕМЕНДІК ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

Қазақстанның ғарыш саласындағы ғылыми әлеуеті В. Фесенков атындағы Астрофизика институты мен Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы дамып келеді. 2026 жылдың басында Венада өткен БҰҰ-ның Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта пайдалану жөніндегі комитетінің (COPUOS) сессиясында Қазақстан ғарыш мониторингі мен қауіпсіздігі саласындағы өз жетістіктерін таныстырды. Еліміз халықаралық деңгейде «Space Days Kazakhstan» секілді ірі конференциялар ұйымдастыру арқылы жаһандық ғарыш қауымдастығындағы беделін нығайтуда. Бұл шаралар жана технологияларды тартуға, инвестиция салуға және отандық мамандардың біліктілігін арттыруға септігін тигізеді. Қазақстанның ғарыш саласы тек зымыран ұшырумен шектелмейді. Алдағы уақытта ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешенін толық қуатында іске қосу жоспарлануда.

Басы 1-бетте

София ХАЙРУЛЛА



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3983 Тапсырыс №594

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолжан АЙТЖАНОВА